# 2012 жылғы жастар практикасын ұйымдастыру туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы Балқаш аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы N 25 қаулысы. Алматы облысының Әділет Департаменті Балқаш ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 28 ақпанда N 2-6-94 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 26.09.2016 № 145 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы " Заңының 7-бабының 5-7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесін қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Балқаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" (Құтпанбетов Азат Үкітайұлы) және "Балқаш ауданының жұмыспен қамту орталығы" (Садықбаев Данияр Сұлтанұлы) мемлекеттік мекемелері жастар практикасын өту үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының түлектер қатарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмыс берушілерге жіберсін және жұмыс берушілермен жастар практикасын өту үшін жұмыс орнын құру туралы шарттар жасалсын.

3. Балқаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 ақпандағы "Балқаш ауданында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар белгілеу туралы" N 18 қаулысының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылдың 18 наурызында 2-6-66 нөмірімен енгізілген, 2010 жылғы 18 наурыздағы N 9 "Балқаш өңірі" газетінде жарияланған) күші жойылды

деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудан әкімі* | *А. Көшкімбаев* |
| *ЕНГІЗЕДІ:* | |
| *Балқаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі бастығы* | *Құтпанбетов Азат Үкітайұлы* |
| *КЕЛІСІЛГЕН:* | |
| *Аудан әкімінің бірінші орынбасары* | *Ақылбеков Қанат Ақылбекұлы* |
| *Аудан әкімінің аппарат басшысы* | *Тлеубаев Бақыт* |
| *Аудан әкімі аппаратының бас маман-заңгер кеңесшісі* | *Есимбеков Болат* |
| *Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы* | *Қантбеков Мейрамбек Қантбекұлы* |
| *Аудандық қаржы бөлімінің бастығы* | *Өмірбаев Алпысбай* |
| *Аудандық экономика, бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы* | *Рақышов Нұрланбек Рахатұлы* |
| *Балқаш аудандық әділет басқармасының бастығы* | *Раисов Бағдат Райұлы* |
| *Балқаш ауданының прокуроры* | *Әміров Рашид Әмірұлы* |
| *Аудандық білім және шынықтыру және спорт бөлімі бастығы* | *Нұрпейісов Назым Омарханқызы* |
| *Балқаш ауданы бойынша салық басқармасы бастығы* | *Тасқанбаев Серік* |
| *Аудандық сәулет және қала құрылысы бөлім бастығы* | *Дюсенов Қалымбек Сейтқазыұлы* |
| *"Ақмарал құрылыс компаниясы" ЖШС директоры* | *Қонысбаев Нұркен* |
| *Аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы* | *Мусаев Нұрғали Базарбекұлы* |
| *Аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры* | *Садықбаев Данияр Сұлтанұлы* |
| *Балқаш ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушы көлігі және* | |

*автомобиль жолдары*
*бөлім бастығы* *Сәттімқұлов Орман*
*Балқаш аудандық кәсіпкерлік*
*бөлім бастығы* *Несіпбаев Береке Ұзақбайұлы*
*Жалпы бөлім бастығы* *Инкербаев Нұрболат Момбетұлы*

Балқаш ауданы әкімдігінің
2012 жылдың 06 ақпандағы
"Жастар практикасын
ұйымдастыру туралы"
N 25 қаулысына қосымша

# 2012 жылғы жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

| N | Жұмыс беруші | Кәсіби (мамандығы) | Жұмыс орындарының жоспарлы саны | Жастар практикасының ай бойынша ұзақтығы | Айлық жалақы мөлшері, теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Балқаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Заңгер, қаржыгер бағдарламашы іс жүргізуші бухгалтер | 4 | 6 | 26000 |
| 2 | "Балқаш ауданының ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ауыл шаруашылық мамандары | 3 | 6 | 26000 |
| 3 | "Балқаш ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Экономист, заңгер | 3 | 6 | 26000 бір адамға есептелінген |
| 4 | "Балқаш ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Мұғалім, бухгалтер заңгер | 4 | 6 | 26000 |
| 5 | "Балқаш ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Экономист, заңгер, қаржыгер | 4 | 6 | 26000 |
| | "Балқаш ауданының | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Техник-құрылысшы | 3 | 6 | 26000 |
| 7 | "Балқаш ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қаржыгер | 3 | 6 | 26000 |
| 8 | Балқаш ауданының әділет басқармасы | Заңгер, іс - жүргізуші | 2 | 6 | 26000 |
| 9 | "Балқаш ауданы бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы" | Заңгер, бағдарла-машы | 3 | 6 | 26000 |
| 10 | "Балқаш аудандық прокуратурасы" | Заңгер, іс - жүргізуші | 2 | 6 | 26000 |
| 11 | "Балқаш ауданының жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі | Заңгер, І с жүргізуші | 3 | 6 | 26000 |
| 12 | "Балқаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Заңгер, қаржыгер, бухгалтер, іс - жүргізуші | 4 | 6 | 26000 |
| 13 | "Балқаш ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | қаржыгер | 1 | 6 | 26000 |
| 14 | "Балқаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі | қаржыгер | 1 | 6 | 26000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК